

**ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай-балабақшасы
меңгеруші жанындағы кеңес отырысының
№1 хаттамасы**

27. 09. 2025 жыл

Дербісек ауылы

Қатысқаны: 26

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Қазан айында өтілетін дайындық іс-шараларды талқылау
2. Үйлесімді тамақтануды ұйымдастыру (Дәмбикенің ас мәзірін бақылау)
3. Жалпы балабақшалық сейсможаттығуларын дайындау және өткізу туралы
4. Бір айдағы сырқаттанушылық жағдайын талдау

Тыңдалды:

Бірінші мәселеде: Қазан айына өтілетін мерекелік шараларды талқыланды.

Балабақша меңгерушісі А. Оразбаева сөз сөйлеп қазан айында балабақшаның жылдық жоспары бойынша өткізілетін іс-шараларды атап өтті. Күзгі маусымдық «Алтын күз» мерекесіне және 25 Қазан Республика күніне орай әс-шара ұйымдастыруды әдіскер К. Усипбековаға міндеттеді

Жарыссөзде әдіскер К. Усипбекова сөз сөйлеп «Алтын күз» мерекесіне орай «Өлкемізге күз келді» тақырыбында мерекелік ертеңгілік және ерекшелігіне қарай 4 топқа ұйымдастырылатын, ал Республика күніне орай «Мен отаныммен мақтанамын» тақырыбында ересек, мектепалды топ тәрбиешілері арасында патриоттық әндер байқауы өткізілетін хабарлады

Екінші мәселе бойынша Үйлесімді тамақтануды ұйымдастыру бойынша мәселе талқыланды

Балабақша меңгерушісі А.Н.Оразбаева сөз сөйледі.

-Балабақшада басты назар ас мәзірінің дұрыс құрылуы. Балалар ас мәзірінің қажетті мазмұны -тамақ үлесінің химиялық құрамының мөлшерлеріне байланысты жасалады. Мектеп жасына дейінгі балалардың дұрыс тамақтану гигиенасының негізгі талаптары: -азық-түліктердің құрамы;-сапасы мен көлемі;-тәртібімен ұйымдастырылуы.

Балабақша дәмбикесі Г. Құдайбекгенова жиналысқа қатысушыларды он-күндік ас мәзірімен таныстырып, ас мәзірінің құрамы, тағамдардың мөлшері; -тағам дайындау технологиясы ережелерінің сақталуы; балалардың физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты құрылатын ас мәзірінің сапасы туралы баяндама жасады.

5. **Үшінші мәселе** бойынша, жалпы балабақшалық сейсможаттығуға дайындық және өткізу туралы талқыланды

Балабақша меңгерушісі А.Н.Оразбаева Жер сілкінісі кезіндегі тәрбиешілер құрамы мен тәрбиеленушілердің іс-әрекеттері туралы тақырыбы бойынша сейсможаттығу өткізуді тапсырды. Сейсможаттығу жас ерекшелігіне қарай әр топ үшін жеке өткізілуі қажет. Азаматтық қорғаныс

штабының құрамына төмендегілерді сайлады.

-Шаруашылық меңгерушісі У. Джунибеков-АҚ штабының басшысы

-Күзетші жұмысшысы Оразбаев Нұрлан

-Ғимарат жұмысшысы Нышанбаев Рустам

-Көмекші жұмысшы Нарманова Бақтыгуль

Жарыссөзде шаруашылық меңгерушісі У. Джунибеков-АҚ штабының басшысы сөз сөйлеп өзінің Азаматтық қорғаныс штабының басшысы болуға келісімберді.

Төртінші мәселе бойынша бір айдағы сырқаттанушылық жағдайын талдау жасалды.

Балабақша медбикесі Г. Құдайбергенова сөз сөйлеп бір айдағы сырқаттанушылық жағдайы бойынша есеп берді.

Тамыз айында балалар арасында жарақаттану, жұқпалы инфекциялық аурулар болмады. Маусым айында 1 бала Анықталмаған тонзилит ауруымен емделіп, ауырғаны туралы анықтама алып келген. Қазіргі күнде жалпы балалардың жағдайы жақсы. Денелерді таза, дене қызуларды қалыпты, сырқаттанған балалар жоқ.

Қаулы етті:

1. Қазан айында өтілетін іс-шараларға дайындық жұмыстары жүргізілсін. Іс-шара жоспары құру және ұйымдастыру әдіскер К. Усипбековаға жүктелсін.
2. Балабақшадағы үйлесімді тамақтануды ұйымдастыру бойынша бақылау нәтижесі қанағаттанарлық деп табылсын
3. Жалпы балабақшалық сейсмо-жаттығуға дайындық жұмыстары жүргізілсін. Азаматтық қорғаныс штабының құрамы төмендегідей құрылсын.
 - Шаруашылық меңгерушісі У. Джунибеков-АҚ штабының басшысы
 - Күзетші жұмысшысы Оразбаев Нұрлан
 - Ғимарат жұмысшысы Нышанбаев Рустам
 - Көмекші жұмысшы Нарманова Бақтыгуль
4. Медбике Г. Құдайбергенова бір айдағы сырқаттанушылық жағдайын талдау бойынша есебі қанағаттанарлық деп табылсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



А.Н. Оразбаева.

Л. Н. Арзыкулова

**ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай-бақшасы
меңгеруші жанындағы кеңес отырысының
№2 хаттамасы**

26. 11. 2025 жыл
Қатысқаны: 64

Дербісек ауылы

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы.
2. Желтоқсан айында өтілетін іс-шараларға дайындық жұмыстарын талқылау.
3. Сыбайлас жемқорлықты алдын алу
4. Мектепке дейінгі ұйымды қысқы кезеңге дайындау
5. Педагогтардың топтардағы ашық есік күндерінің ұйымдастырылуын бақылау нәтижесі туралы.

Тыңдалды:

1. **Бірінші мәселе** бойынша Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы талқыланды.

Балабақша меңгерушісі А. Оразбаева сөз сөйлеп, желтоқсан айында біршама мерекелер атап өтілетінін, осы мерекелер қарсаңында балабақшадағы өрт қауіпсіздігін қатаң сақтау керек екенін ескертті. Мереке кезінде педагогтардың, ата-аналардың, балалардың от шашулар, бенгал шырақтары еңнемесе басқада тез тұтанғыш заттарды қолдануына тыйым салды. Балабақша ұжымын өрт қауіпсіздігін сақтай нұсқаулығымен таныстыруды тапсырды. Әдіскер К. Усипбекованы балабақша педагогтарына, шаруашылық меңгерушісі У. Джунибековты кіші техникалық қызметкерлерге өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықпен таныстыруға міндеттеді.

Екінші мәселе бойынша Желтоқсан айында өтілетін іс-шараларға шараларға дайындық жұмыстары талқыланды.

Балабақша әдіскері К. Усипбекова балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес Желтоқсан айында өтілетін іс-шараларды атап өтіп, дайындық жұмыстары туралы есеп берді. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі күніне орай «Республикам мақтанышым!», жаңа-жыл мерекесіне орай «Кел жаңа жыл-жаңа жыл» тақырыбында іс-шаралар жоспарының жобасымен және өтілу мерзімімен таныстырды. Балабақша меңгерушісі А. Оразбаева іс-шара жоспарының жобасымен танысып шығып бекітуді мақұлдады.

Үшінші мәселе бойынша Сыбайлас жемқорлықты алдын алу туралы талқыланды. Балабақша меңгерушісі А. Оразбаева жиналысқа қатысушыларға мереке кезінде, іс-шаралар барысында, басқа да уақытта ата-аналардан немесе басқа да тұлғалардан сыйақы талап ету, балабақшаның қажетті заттарына, жөндеу жұмыстарына деп ақша жинау сыбайлас жемқорлыққа жататынын түсіндірді. Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, алдын алу туралы жұмыстарын жүргізу, іс-шаралар түзу, түсіндірме жұмыстарын жасауды психолог Г. Сайтмбетоваға міндеттеді.

Төртінші мәселе бойынша. Мектепке дейінгі ұйымды қысқы кезеңге дайындау мәселесі талқыланды.

Балбақша меңгерушісі. А. Оразбаева қыс мезгілі жақындап ауа райы суып қалғанын айта келе, қысқы кезеңде балабақша бөлмелерінің жылу температурасын сақтау, жылу қазандықтарының дұрыс жұмыс жасауын, ғимарат температурасын су өтпеуін, терезелерінің, есіктерінің бүтіндігін үнемі қадағалап отыру қажет екенін ескертті. Сонымен қатар балалардың қыс мезгіліндегі өмір қауіпсіздігін сақтау яғни балаларды ғимарат шатырында мұз сүңгілерінен, мұз тайғанақтардан алшақ ұстау, жазатайым оқиғалардың алдын алу туралы түсіндірді. Мектепке дейінгі ұйымды қысқы кезеңге дайындауды шығармашылық меңгерушісі У. Джунибековқа міндеттеді. Педагогтарды бабалардың қыс мезгіліндегі өмір қауіпсіздігін сақтау туралы нұсқаулықпен таныстыруды әдіскер К. Усипбековаға міндеттеді.

Жарыссөзде күн тіртібіндегі мәселелерді талқылай келе аталған міндеттемелерді орындауға әдіскер К. Усипбекова, психолог Г. Сайтмбетова, шаруашылық меңгерушісі У. Джунибековке өз келісімдерін берді.

Бесінші мәселеде Педагогтардың топтардағы ашық есік күндерінің ұйымдастырылуын бақылау нәтижесі туралы талқыланды.

Балабақша меңгерушісі А. Оразбаева сөз сөйлеп, ашық есік күндерінің ұйымдастырылуының бақылау нәтижелерімен таныстырды.

-Мектеп алды

«Айгөлек» тобында Э. Периева.

«Балбөбек» тобында Д. Абсаматова.

«Бүлдіршін» тобында Н. Шокирова.

«Нұршуақ» тобында Ж. Кипчакбаева.

-Ересек

«Балауса» тобында Ж.Байтеева.

«Ертөстік» тобында А. Аширова.

«Еркетай» тобында П. Сарабаева.

«Қарлығаш» тобында Б. Сексенбаева.

«Ботақан» тобында Ф. Хамидова.

-Ортаңғы

«Балдәурен» А. Нарманова.

«Бөбек» тобында Н. Алибекова.

«Ертарғын» тобында Г. Рахымбердиева.

«Көгершін» тобында Б. Ақбаевалар ашық есік күндерін өткізді. Ашық есік күніне ата-аналар шақырылған. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде «**Адал азамат бір тұтас тәрбие**» бағдарламасы аясында, ұлттық тәрбиеге негізделіп өткізілді.

Әдіскер К. Усипбекова сөз сөйлеп, өз пікірін білдірді.

-Тәрбиешілердің балаларды ұйымдастыруы, балаларды іс-әрекетке қызығушылығын ояту барысы, ҰІӨ көлемінің сақталуы, мазмұны менен мақсаты талапқа сай ұйымдастырылған. Алдағы уақыттада тәрбиешілерге шығармашылық жұмыстарына сәттілік тілеймін.

Қаулы:

1. Балабақшадағы өрт қауіпсіздігі қатаң сақталсын. Балабақша ұжымын «Өрт қауіпсіздігін сақтау» туралы нұсқаулықпен таныстыру, әдіскер К. Усипбекова мен шаруашылық меңгерушісі У. Джунисбековке жүктелсін.
2. Желтоқсан айында өтілетін әс-шараларға дайындық жұмыстарын жүргізу әдіскер К. Усипбековаға жүктелсін.
3. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы іс-шаралар жүргізу психолог Г. Сайтимбетоваға жүктелсін.
4. Мектепке дейінгі ұйымды қысқы кезеңге дайындау шаруашылық меңгерушісі У. Джунисбековке жүктелсін.
5. Педагогтардың топтардағы ашық есік күндерінің ұйымдастырылуы қанағаттанарлық деп табылын

Кеңес төрайымы:
Хатшы:



А.Н. Оразбаева.
Л. Н. Арзыкулова

**ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай-бақшасы
меңгеруші жанындағы кеңес отырысының
№3 хаттамасы**

06. 01. 2026 жыл

Дербісек ауылы

Қатысқаны: 64

Күн тәртібінде:

- 1.Ертеңгілік жаттығуды өткізуді, қимылды ойындарды ұйымдастыруды бақылау нәтижесі
2. Топтардың педагогтердің тиісті құжаттаманы жүргізуін бақылау нәтижесін талдау.
3. Балалардың І жарты жылындағы денсаулық жағдайын талдау.
4. 2026 жылға жұмыскерлердің еңбек демалысы кестесін талқылау, бекіту

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша, Ертеңгілік жаттығуды өткізуді, қимылды ойындарды ұйымдастыруды бақылау нәтижесі талқыланды.

Балабақша әдіскері К. Усипбекова сөз сөйлеп балабақшадағы күнделікті ертеңгілік жаттығуды өткізу, қимылды ойындарды ұйымдастыру барысы туралы бақылау нәтижесін таныстырды

-Ертеңгілік жаттығу, қимылды ойындар кезінде балалардың көңіл күйі көтеріңкі жаттығуларды қызығушылықпен, белсенділікпен орындайды.

-Баларда жалығу немесе жаттығуларды орындағысы келмеу байқалмады.

-Жаттығулар кешені балалардың жасына сәйкес.

-Педагог барлық балаға жаттығуларды дұрыс орындау бойынша уақтылы нұсқау береді.

-Педагог назарынан тыс қалған балалар, жаттығуды өз бетінше орындауға тырысады.

-Таңғы жаттығу музыкамен қйымдастырылған.

-Жаттығулар құрылымы сақталған: Сапта жүру: негізгі қимыл түрлері жүру, жүгіру: жалпы дамытушы жаттығулар.

-Балалар қажетті құралдармен (доп, лента, жалауша, және т.б) қамтылған

Балабақша меңгерушісі **А. Оразбаеваға** сөз сөйлеп ертеңгілік жаттығуды өткізуді, қимылды ойындарды ұйымдастыру барысы қанағаттанарлық деңгейде екенін айтып жеткізді.

Екінші мәселе бойынша . Топтардың педагогтердің тиісті құжаттаманы жүргізуін бақылау нәтижесін талдау.

Балабақша меңгерушісі А. Оразбаева сөз сөйледі балабақша педагогтердің атқаратын лауазымдарына сәйкес тиісті құжаттарының тізімін атап шығып олардың дұрыс жүргізілуін бақылау нәтижесін хабарлады.

-Тәрбиешілердің, педагог-психологтың, музыка жетекшісінің перспективалық жоспары оқу жылының басында түзіліп бекітілген.

-Балаларды тәрбиелеу мен білім берудің апталық циклограммасы әр апта сайын толтырылып бекітілуде.

-Балалардың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мониторингінің бастапқы, аралық кезеңдері уақтылы қыркүйек, қаңтар айларында толтырылып, жиынтық есеп жасалған.

-Балалар мониторингіне сәйкес орташа, төмен деігейдегі балаларға жеке даму картасы ашылып, даму түзету-жұмыстары жүргізілуде.

Педагогтердің тиісті құжаттаманы жүргізу барысы қанағаттанарлық деп есептеймін.

Үшінші мәселе бойынша Балалардың I жарты жылындағы денсаулық денсаулық жағдайы талқыланды.

Балабақша медбикесі Г. Құдайбергенова сөз сөйлеп, балабақшадағы балалардың I жарты жылындағы денсаулық жағдайы туралы есеп берді.

Балабақшада жалпы 405 бала бар. 2025-2026 оқу жылының I жарты жылында 6 бала ОРВИ, 12 бала фарингит ауруымен ауырған. Емделіп анықтамамен келген. Қазіргі күнде жағдайлары жақсы. Басқа дене қызуы көтерілген немесе жарақаттанған балалар тіркелмеді денсаулықтары жақсы, физикалық тұрғыдан дұрыс жетілген. Балабақша меңгерушісі А. Оразбаева I жарты жылдықтағы балалардың денсаулық жағдайы қанағаттанарлық екенін айтып жеткізді.

Төртінші мәселе бойынша: 2026 жылға жұмыскерлердің еңбек демалысы кестесін бекіту талқыланды.

Кәсіподақ комитетінің төрайымы К. Усипбекова жиналысқа қасысушыларды қызметкерлердің еңбек демалысының кестесі жобасымен таныстырды және бекітуді ұсынды.

Жарыссөзде балабақшаның меңгерушісі А. Оразбаева еңбек демалыс кестесі қызметкерлердің пікірімен келісе отырып жасалғанын айта келе еңбек демалыс кестесін бекітуге шешім қабылдады.

Қаулы:

1. Педагогтардың ертеңгілік жаттығуды өткізу, қимылды ойындарды ұйымдастыру барысы қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Топтарда педагогтердің тиісті құжаттаманы жүргізу барысы қанағаттанарлық деп табылсын.
3. Балалардың I жарты жылдағы денсаулық жағдайы қанағаттанарлық деп табылсын
4. 2026 жылға жұмыскерлердің еңбек демалысы кестесін бекіттілсін.

Кеңес төрайымы:
Хатшы:



А.Н. Оразбаева.
Л. Н. Арзыкулова

